



Бекітемін: «Томирис» жеке бөбекжайының
меңгерушісі С.К.Даулетова

«Томирис» жеке бөбекжайының 2025–2026 жылына сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша іс-шаралар жоспары

р/н	Іс-шаралар атаулары	Орындалу уақыты	Жауаптылар
1	2024–2025 оқу жылының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеу және бекіту. ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі талаптарымен таныстыру. .«Мектепке дейінгі білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – адалдық пен ашықтықтың негізі» тақырыбында баяндама.	Қыркүйек	Менгеруші С.К.Даулетова
2	Жаднама «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» туралы	Қараша	Менгеруші С.К.Даулетова Әдіскер Г.К.Тастемирова
3	«Сенім жәшігі» туралы ата-аналарға ақпарат беру.	Қараша	Әдіскер Г.К.Тастемирова Тәрбиешілер
4	«Адалдық – жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізі» тақырыбындағы дөңгелек үстел. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстардың аралық қорытындысы.	Ақпан	Менгеруші С.К.Даулетова Әдіскер Г.К.Тастемирова
5	2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарының орындалу қорытындысы. 2.«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сапалы білім беру кепілі» тақырыбындағы баяндама. 3.Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар.	Мамыр	Менгеруші С.К.Даулетова Әдіскер Г.К.Тастемирова

**«Томирис» жеке бөбекжайының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»
тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы №1**

Өткізілген күні: 12.09.2025 жыл

Өткізілген түрі: Жиналыс

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібі

1.2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын талқылау және бекіту.

2.«Мектепке дейінгі білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – адалдық пен ашықтықтың негізі» тақырыбында баяндама.

3.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды: Төрайымы Г.К.Тастемирова 2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарын таныстырып, жоспарды бекітуге ұсынды. Ол сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, заң талаптарын сақтау, ашықтық пен адалдық қағидаларын ұстанудың маңыздылығына тоқталды.

Тыңдалды: Хатшы Д.Нугманова «Мектепке дейінгі білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – адалдық пен ашықтықтың негізі» тақырыбында баяндама жасап, педагогтердің қызметтік әдепті сақтауы, заң талаптарын орындауы және кәсіби жауапкершілікті басшылыққа алуы қажеттігін атап өтті.

Жарыссөз: А.Ә.Омарова – тәрбиеші.

Жоспардың мазмұны бүгінгі күннің талаптарына сай құрылғанын атап өтіп, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу тек құжат жүзінде емес, күнделікті қызметте де көрініс табуы қажет екенін айтты.

Шешімі:

1.2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары бірауыздан бекітілсін.

2.Жоспардағы іс-шаралардың сапалы әрі уақытылы орындалуы қамтамасыз етілсін.

Төрайымы:

Г.К.Тастемирова

Хатшы:



**Томирис» жеке бөбекжайының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»
тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы №2**

Өткізілген күні: 13.02.2026 жыл

Өткізілген түрі: Дөңгелек үстел

Қатысқандар: 8 адам

Қатыспағаны: 0 адам

Күн тәртібі

1.«Адалдық – жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізі» тақырыбындағы дөңгелек үстел.

2.Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша атқарылған жұмыстардың аралық қорытындысы.

3.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды: төрайым Г.К.Тастемирова адалдық, парасаттылық және әділдік қағидаларын сақтау мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының бірі екенін атап өтті. Педагогтердің қызметтік міндеттерін адал атқаруы, қызметтік өкілеттіктерін жеке мақсатта пайдаланбауы және заң талаптарын бұлжытпай орындауы қажеттігін айтты.

Тыңдалды: хатшы Д.Нугманова оқу жылының бірінші жартыжылдығында атқарылған жұмыстарға талдау жасап, ұжым арасында құқықтық түсіндіру жұмыстарының, ақпараттық бұрыштардың және профилактикалық іс-шаралардың жүйелі ұйымдастырылғанын баяндады. Сонымен қатар ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтардың тіркелмегенін атап өтті.

Жарыссөз: Н.С.Кенжегалиева – тәрбиеші.

Педагогтердің құқықтық сауаттылығын арттыру және ата-аналармен ашық қарым-қатынасты нығайту сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді жолы екенін айтты.

Шешімі:

1.Жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деп танылсын.

2.Педагогтер арасында түсіндіру және алдын алу жұмыстары жалғастырылсын.

3.Адалдық пен әділдік құндылықтарын насихаттайтын іс-шаралар тұрақты өткізілсін.

Төрайымы:

Г.К.Тастемирова

Хатшы:

Ж.Р. Нугманова



**Томирис» жеке бөбекжайының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл»
тақырыбында ұйымдастырылған жиналыстың хаттамасы №3**

Өткізілген күні: 15.05.2026 жыл

Өткізілген түрі: Жиналыс

Қатысқандар: 8 адам

Күн тәртібі

1.2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспарының орындалу қорытындысы.

2.«Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сапалы білім беру кепілі» тақырыбындағы баяндама.

3.Келесі оқу жылына арналған ұсыныстар.

Тыңдалды: төрайым Г.К.Тастемирова оқу жылы ішінде жоспарланған барлық іс-шаралардың толық орындалғанын айтып, ұжымда адалдық, ашықтық және заңдылық қағидаларын қалыптастыру бағытында нәтижелі жұмыстар жүргізілгеніне тоқталды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша жүргізілген профилактикалық жұмыстардың педагогтердің құқықтық мәдениетін арттыруға оң ықпал еткенін атап өтті.

Тыңдалды: хатшы Д.Нугманова «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу – сапалы білім беру кепілі» тақырыбында баяндама жасап, білім беру ұйымында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау, қызметтік әдепті сақтау және қоғам алдындағы жауапкершілікті арттыру мәселелеріне тоқталды. Сонымен қатар келесі оқу жылында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту және ата-аналармен ынтымақтастықты дамыту жөнінде ұсыныстар айтты.

Жарыссөз: А.Х.Тулеева – тәрбиеші.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытындағы жұмыстардың тиімді жүргізілгенін айтып, бұл бағыттағы жұмыстарды келесі оқу жылында да жалғастыруды ұсынды.

Шешімі:

1.2025–2026 оқу жылына арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жоспары толық орындалды деп есептелсін.

2.Атқарылған жұмыстар қанағаттанарлық деп бағалансын.

Төрайымы:

Г.К.Тастемирова

Хатшы:

